

**"Жүйелі тіркеуді жүзеге асыру үшін халықты хабарландыру ережесін бекіту туралы"**  
Қазақстан Республикасы Әділет министрінің міндеттін атқарушының 2007 жылғы 24 тамыздағы № 246 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің м.а. 2018 жылғы 31 шілдедегі № 1191 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 6 қыркүйекте № 17343 болып тіркелді

Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы" 2007 жылғы 26 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 57-бабының 3-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Жүйелі тіркеуді жүзеге асыру үшін халықты хабарландыру ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің міндеттін атқарушының 2007 жылғы 24 тамыздағы № 246 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4940 болып тіркелген, 2007 жыл, қыркүйек-қазан Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдарының актілер жинағында жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді:

"Жүйелі тіркеуді жүзеге асыру үшін халықты хабарландыру қағидаларын бекіту туралы";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді:

"1. Қоса беріліп отырған Жүйелі тіркеуді жүзеге асыру үшін халықты хабарландыру қағидалар бекітілсін.".

Осы бұйрыққа сәйкес Жүйелі тіркеуді жүзеге асыру үшін халықты хабарландыру қағидаларын қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Тіркеу қызметі және заң қызметін үйімдастыру департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілінде көшірмелерін Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Әділет министрінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы бүйрек алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы  
Әділет министрінің міндеттін атқаруышы

Н. Пан

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Ақпарат және коммуникациялар  
министрі

\_\_\_\_\_ Д. Абаев

2018 жылғы "—" \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасы  
Әділет министрінің  
2018 жылғы 3 шілдедегі № 1191  
бүйрекшіна қосымша  
Қазақстан Республикасы  
Әділет министрінің  
міндеттін атқаруышының  
2007 жылғы 24 тамыздағы  
№ 246 бүйрекшімен бекітілген

## Жүйелі тіркеуді жүзеге асыру үшін халықты хабарландыру қағидаларын

### 1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы Жүйелі тіркеуді жүзеге асыру үшін халықты хабарландыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы" 2007 жылғы 26 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 57-бабының 3-тармағына сәйкес әзірленді.

2. Тіркеуші орган жылжымайтын мүліктің орналасқан жері бойынша мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы болып табылады.

3. Осы Қағида жүйелі тіркеуді жүзеге асыру үшін халықты хабарландырудың тәртібін белгілейді.

Жүйелі тіркеу құқықтық кадастрын мүлікке бұрын пайда болған құқықтар (құқықтық ауыртпалықтар) туралы мәліметтермен толықтыру мақсатында жүзеге асырылады және есепке алу сипатында болады.

### 2- тарау. Хабарландырудың мақсаты және міндеттері

4. Халықты хабарландыру жүйелі тіркеуді жеделдету мақсатында құқықтық кадастрын мүлікке бұрын пайда болған құқықтар (құқықтық ауыртпалықтар) туралы мәліметтермен толықтыру үшін жүзеге асырылады.

5. Хабарландыру жүйелі тіркеуді жүргізудің қажеттігін халықтың назарына жеткізу үшін талап етіледі.

### **3-тaraу. Халықты хабарландыру тәртібі**

6. Құқықтық кадастры жүгеге асыруши тіркеуші органдар халықты бұқаралық ақпарат құралдарымен қатар, халық көп жиналатын орындарда ақпараттық сенідтерді орналастыру арқылы да хабардар етеді.

7. Халықты жүйелі тіркеудің қажеттігі турлау хабарландыру мемлекеттік және орыс тілінде облыстық, республикалық маңызы бар, қалалық және аудандық маңызы бар бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады.

8. Хабарландыруда мынадай мәліметтер:

1) жылжымайтын мүлікке құқықтарды жүйелі тіркеу үшін құжаттарды қабылдауды және беруді жүзеге асыратын органның орналасқан жері;

2) жүйелі тіркеуді жүргізу үшін қажетті құжаттардың тізбесі қамтылуы тиіс.

9. Тіркеуші органдар халықты жүйелі тіркеуді жүзеге асыру қажеттігі туралы жылдана кемінде екі рет хабарландырады.